

Г.У. Эшбекова, У.У. Умиткалиев

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІНДЕГІ
АСТРОНОМИЯЛЫҚ ТҮСІНІКТЕР**

**АСТРОНОМИЧЕСКИЕ ПОНЯТИЯ В КОНЦЕПЦИИ ЖИЗНИ КАЗАХСКОГО НАРОДА
ASTRONOMICAL NOTIONS IN THE CONCEPT OF LIFE OF THE KAZAKH PEOPLE**

Концепции астрономии в жизни казахского народа глубоко сформированы. Тщательное наблюдение и расчет дня и ночи, сезонов года, а также возрождение месяца было жизненно необходимой для общественной жизни казахского народа. Кочевой народ казахи по расположению звезд определили погоду и благоприятное время для перекочевки.

Ключевые слова: астрономия, павлин, бородастая чума, апокалипсис, молитва, восход солнца.

The concepts of astronomy in the life of the Kazakh people are deeply formed. Careful observation and calculation of the day and night, the seasons of the year, as well as the revival of the month was vital for the public life of the Kazakh people. Nomadic people of the Kazakhs in terms of the location of the stars determined the weather and a favorable time for migrating.

Keywords: astronomy, peacock, bearded plague, apocalypse, prayer, sunrise.

ЕНУ им. Гумилева, Астана, Казахстан.

Көшпенді қазақ халқы ежелден көшіп- қонып, мал бағып, егін егіп қана қоймай, аспан астында, табиғат құшағында, жарқыраған жұлдыздармен сырласу арқылы табиғат құбылыстарын бақылап, оларды зерттеп, көп жылдық тәжірибе жинақтап, қорытып, жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктер мен ілімдер жинаған.

Сандаған ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының ілімі тәжірибенің, шаруашылықтың сан-алуан түрлерін жүргізу тәсілінің, халықтың заттық және рухани мәдениетінің, адам мен табиғат, қоршаған орта туралы таным – түсініктің нәтижесі болды.

Табиғат құбылыстарының айналып келіп отыруы, күн мен түннің, жыл мен маусымдардың, ай жаңалануын мұқият бақылап, есептеп түсінудің қазақ халқының шаруашылық өмірі үшін орасан зор тіршілік тұрмыстық маңызы болды. Қазақтар осы есеп арқылы жайлауға қай уақытта көшу, күзеу мен қыстауға қай уақытта келу, қойды қай уақытта қырку, қашан қүйек салу, қай мезгілде көктеуге барып мал төлдету, соғымды қашан сою, егінді қай мезгілден бастап салу, шөпті қашан шабу сияқты шаруашылық мезгілдерін белгілеп отырды.

Байырғы халықтардың қайсысы болса да астрономиялық білімдерін күннен бастаған. Өйткені жердегі тіршілік көктегі Күнге байланысты. Қазақтармен қанаттас өмір сүрген, шаруашылығы қазақтың шаруашылығына ұқсас қалмақтардың күнге жасайтын батасы мынадай болған: Күнді тапқан көкке рахмет, шөпті шығарған күнге рахмет, төрт түлікке азық болған шөпке рахмет». Бұл түсінік қазақтың: «Көктен береді, жерден иеді» деген мақалынан аңғарылады Күн деген сөз өте ерте заманда шыққан, ол түркі тілдерінің бәрінде де бар (күн, күнәш, күніс, құлаш, қоыш, т.с.с.). Мұнымен қатар түркі халықтарында күннің «өркен» деген есімі де болған. «Өркенің өссін» – «Күннің өссін, бақытты бол!» деген сөз. Күн дөңгелегі көшпелі қауымның тұрмысына әбден сіңісіп кеткен. Киіз үйдің дөңгелек болуы, жайлауға қонған ауылдың дөңгеленіп отыруы, ыдыс-аяқтардың дөңгелек түрде жасалуы, қуаңғанда айнала жүгіру, жақсы көрген баланы «айналайын!» деу т.б. еліктеудің салдары. Киіз үйдің есігі әрдайым шығысқа қаратылады. Г.Н. Потаниннің бақылауынша телеңгіт, якут, тува, хакас бақсылары «жындарын» шақырғанда күннің айналу бағытымен билеген, дүрбіттер мен монғолдардың бақсылары әлгіге қарсы бағытта жүргізген. Қазақ бақсылары күн бағытымен айналған [1, 12 б.].

Көшпелі халық арасындағы астрономиялық есепшілер аспан денелеріне қарап, ауа райын болжай білген. Олар күннің әр кезде әрқалай батуы және шығуын жете бақылай отырып, оларға әр түрлі тұжырымдамалар жасаған:

1) Күн жанған оттай қызарып қып – қызыл болып атса – ол жылы өлім – жітім, өрт көп болады. Тіпті осы аймақта және көршілес елдерде соғыс қан төгістер болуы мүмкін. Мысалы, «Ақтабан шұбырынды, Алақол сұлама» болатын 1723 – қоян жылы жаңа тоғыста күн дәл солай атқан екен деседі;

2) Күннің түсі күнгірт тартып, қораланып солғын көрінсе сол жылы жауын – шашын мол болып, жер көгі құлпырып өсетін көрінеді;

3) Күн сары – қызыл болып, ыстық лебі бірден бетке ұрып шақырайып туса – ол жылы құрғақшылық болуы мүмкін. Мұндай жылдары таулы аймақтарда жиі – жиі тасқын болып, шалғынды далада өрт болу қаупі туады;

4) Күн құлақтанып батса, ауа райы оңалады деген екен;

5) Күн батарда көк жиек ашық болып, қызыл шапақ шашса, ауа райы жылынады;

6) Күн батарда, бұлттың ар жағына қызарып батса, жазда жауын жауып, қыста боран соғатынының белгісі деп есептелінеді;

7) Күн батарда, бұлттар тарап, бытыраса, түнде жауын жауатының белгісі;

8) Күн қорланып, үш күн көрінсе, жел күшейіп, аспан түнеріп жауын – шашып болып суытады;

9) Қорланған сәуле шеңбері азайса, жауын кешікпей жауады. Ал үлкейсе, жауын жауу кешеуілдеп, сейіледі;

10) Күн құлақтанып шықса, боранды немесе аязды күндер болмақ;

11) Күн көзін бұлт шалса, қыс қарлы, жаз жаңбырлы болады;

12) Күн көзі мұнартып шықса, ыстық көтеріледі;

13) Күн сәулесі жан – жаққа шашағын төге шашырап, рауандап атса – ол жылы жанға жайлы жайма шуақ, молшылық жылы болады. Есепшілердің бұл бақылауды жүздеген жылдар бойы жүргізілгендіктен,

оның негізіне сәуегейлік емес, қазіргі ғылымға белгілі Күн гравитациясына негізделген болжамдық тұжырымдамалар алынған [2, 178 б.]

Сонымен қатар, ежелгі көшпелі және жартылай көшпелі жұртында Күн культі сенімі болған. Қола дәуіріндегі жерлеу орындарының үстіне салынған дөңгелек қоршаулар, сақтардың «мұртты» обаларының, қабірхана есіктерінің шығысқа қаратылуы, түркі заманының шығысқа қаратылып қойылған мүсін тастары – осылардың барлығы да бұл мәдени нысандарды қалдырушылардың Күнге, күншығысқа мінажат, ғибадат еткендігінің куәлары [3].

Қазақ жерінде табылған «алтын адамдардың» киімінің негізінен қызыл және сары түстерден тұратындығы Күннің және оттың құдыретімен байланысты [4, 127–133 бб.; 7, 16–17 бб.]. Ортағасырлық қимақтардың шығып келе жатқан күнді дауылпаздарды даңғырлатып қарсы алатындығы жөнінде дерек бар [5, 69 б.].

Қазақ ұрпы бойынша, таңертең ас үстіне келген адам астан ауыз тиюге тиіс. Себебі, «Таңертеңгі асты тастама», «Таңертеңгі асты тастасаң – ауыл-үйің сені тастайды» деген тәмсіл бар. Сондықтан таңертеңгі ас үстіне келген адам жақсылық үшін астан ауыз тиіп аттанады. Таңертеңгі ас бір күндік өмірдің бастамасы. Таңертеңгі асты тастамай, көңілді отырып ішсе, сол күнгі жұмысың да оңға басады деп жорылады [6, 10 б.].

Ғұндар таңертең ерте шығып келе жатқан күнге белін бүгіп мінажат еткен. Тәңірге сыйынғанда түріктер бетін шығысқа қаратқан. Көне түріктерде күннің нұрынан ананың құрсағында бала пайда болуы мүмкін деген түсінік болған [11, 93 б.].

Қазақтардың мифологиялық дүниетанымында Күн әйел затымен байланыстырылады [12, 5–10 бб.]. Бұған «Күн астындағы Күңкей қыз» (Қазақ көне ертегісі) да мысал бола алатын шығар.

Көнекөз адамдардың айтуына қарағанда, қазақтар кез келген жұмысты бастау үшін күннің шығу және бағыт мезгілдері қолайсыз уақыт деп есептелінген (Автордың жинаған материалдары – бұдан әрі АЖМ). Екінті мен ақшам мезгілінің аралығында дауыс шығарып жыламайды, өксіп үгілемейді, ұйықтамайды, іс, киім тікпейді. Беймезгілде істелген істің берекесі болмайды деп жориды [6, 56 б.].

Ш. Уәлиханов өзімен замандас қазақтарда Күнге табыну ғибадатының болмауына байланысты өзінің таңданысын білдіре келе былай деген еді: «Қырғыздарда (қазақтар – Ө. Т.) күнге қаратып дәрет сындырмау әдеті ғана сақталған, бұл осы уақытқа дейінгі бізге белгілі жалғыз ғана ғибадат белгісі» [7, 58 б.]. Жалпы, ертеректе күнге байланысты ғибадаттар қазақ жерін жайлаған жұрттарда көптеп кездескен.

Көшпелі қазақ тіршілік-болмысының аспан денелерімен байланысты болуы олардың артықшылығы немесе кемшілігі ретінде емес, тарихи даму барысындағы өмір сүрудің кепілі ретінде қарастыру керек.

Қазақ халқының астрономиялық ілімдері, күнтізбесі мәселелері жайында Құрбанғали Халид өзінің «Тауарих Хамса» атты кітабында күнтізбеге қатысты көптеген мәліметтер берген. Айталық, түнде жұлдызға қарап бағдарлай білу, табиғат құбылысына байланысты ауа райын алдын ала болжау т.б. қызықты мәліметтер келтіреді [8].

Қазақ халқының революцияға дейінгі астрономиялық білімдерін сипаттайтын мағлұматтарды жинап, жүйеге келтіруде физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Х.Ө. Әбішев елеулі еңбек етті. Оның «Халық астрономиясы», «Аспан әлемі» [9] атты монографиялық еңбектері қазақ халқының аспан әлемі жайлы пайымдаулары мен таным-түсініктері жайлы құнды мәліметтер береді.

Сонымен қатар, халық календары, жыл санау мәселелері жайлы М. Исаковтың «Қазақтың байырғы календары» [10], Г.С. Нұрғалымованың «Қазақ халқының күнтізбесі» [11] еңбектерінде тиянақты мәліметтер береді.

Ұлан байтақ кең далада ежелден мал шаруашылығымен айналысып, күндерін кең табиғат құшағындағы мал өрісінде, түндерін ашық аспан астында мал күзетінде аттың жалында өмір сүріп келген қазақ халқы табиғат құбылыстарының негізінде туындаған көпжылдық тәжірибелерін қорытып аспан әлемі туралы астрономиялық түсініктерін қалыптастырған.

Литература

1. Исаков М. Қазақтың байырғы календары. Алма-Ата, 1960.
2. Омаров М.К. Картография және топография негіздері. Павлодар, 2013.
3. Төлеубаев Ә.Т. Қазақтың аспан әлеміне байланысты түсініктері, ғұрыптары // edu.e-history.kz – электрондық ғылыми журналы. № 3 (11).
4. Акишев А.К. Искусство и мифология саков. Алма-Ата, 1984.
5. Рашид-ад-Дин Ф. Огуз наме / пер с персид., предис., коммент., прим. и указ. Р.М. Шукуровой. Баку, 1987.
6. Қайырбайұлы А., Бопайұлы Б. Қазақ ырымдары. Алматы, 1998.
7. Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов // Собрание сочинений: в 5 т. Т. 4. Алма-Ата, 1985.
8. Халид Құрбанғали. Тауарих хамса: (Бес тарих). Алматы, 1992.
9. Әбішев Х.Ө. Аспан сыры. Алматы, 2009.
10. Исаков М. Қазақтың байырғы календары. Алма-Ата, 1960.
11. Нұрғалымов Г.С. Қазақ халқының күнтізбесі. Алматы, 2002.